

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер туралы Қағидалары

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1998 жылғы 13 тамыз N 11 қаулы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 12 қарашада тіркелді. Тіркеу N 642. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 шілдедегі N 264 қаулысымен (V032484).

Ескерту: Қаулының атауы және кіріспесі өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 538 қаулысымен .

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеуді жетілдіру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) нормативтік құқықтық актілерін " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкестендіру мақсатында Ұлттық комиссия қаулы етеді:

1. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың мәселелері бойынша мынадай нормативтік құқықтық актілер бекітілсін (қоса беріліп отыр):

1) "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидалары";

2) "Мемлекеттік зейнетақы жинақтау қорының инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидалары" .

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 538 қаулысымен .

2. Жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілерді тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберілсін.

3. Жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енгізілсін .

4. Жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне тіркелген сәттен бастап Ұлттық комиссияның мынадай нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылған деп танылсын :

1) Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 29 тамыздағы N 133 қаулысымен

бекітілген "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметі туралы ереже " (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 09 қыркүйекте 362 нөмірмен тіркелген);

2) Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 29 тамыздағы N 133 қаулысымен бекітілген "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың басшы лауазымдарына үміткерлерді келісу тәртібі туралы ереже " (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 09 қыркүйекте 364 нөмірмен тіркелген);

3) Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 29 тамыздағы N 133 қаулысымен бекітілген "Мемлекеттік зейнетақы жинақтау қорының инвестициялық қызметі туралы ереже " (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 16 қыркүйекте 402 нөмірмен тіркелген).

5. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасы :

1) осы Қаулыны және онымен бекітілген нормативтік құқықтық актілерді зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың, Мемлекеттік зейнетақы жинақтау қорының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, " Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның және бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушылары қауымдастығының назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Ұлттық комиссияның мүшелері

Қазақстан Республикасы
Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясының
1998 жылғы 13 тамыздағы

N 11 қаулысымен бекітілген

**Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың
инвестициялық қызметті жүзеге асыру**

Қағидалары

Ескерту: Қағиданың барлық мәтіні бойынша түрлі септіктердегі "Ұлттық комиссия", "Ұлттық комиссияның Директораты" деген сөздер тиісті септіктегі " уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 5 сәуір N 121 қаулысымен .

Ескерту: Қағиданың барлық мәтіні бойынша түрлі септіктердегі "Ұлттық комиссия", "Ұлттық комиссияның Директораты" деген сөздер тиісті септіктегі " уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 13 мамыр N 176 қаулысымен .

Осы Қағидалар "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен камсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы Заңына сәйкес әзірленді және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың (бұдан әрі - "Компаниялар" деп аталады) инвестициялық қызметті жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

1-тарау. Инвестиция объектілері және мәмілелер жасасу орындары

1. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға бағалы қағаздар рыногындағы қатынастарды реттеу жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) берген лицензия бар болған кезде, Компания мемлекеттік емес зейнетақы жинақтау қорларымен (бұдан әрі "Қорлар" деп аталады) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөнінде келісімдер жасауға құқылы.

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 5 сәуір N 121 қаулысымен.

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 13 мамыр N 176 қаулысымен.

2. Компания оның инвестициялық басқаруындағы әрбір жеке Қордың зейнетақы активтерін төменде аталған қаржы құралдарына зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің (инвестицияның ағымдағы көлемін және Қордың кастодиандағы инвестициялық есепшоттардағы мәміле жасау күніне ақша қалдығын қоса отырып) мынадай мөлшерлерінде орналастыруға құқылы:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес эмиссияланған), Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған бағалы қағаздарды қоспағанда - 35%-тен кем емес, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес эмиссияланған, айналыс мерзімінің аяқталуына кемінде бір жыл қалған бағалы қағаздарға - кемінде 5 %;

1-1) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес эмиссияланған), осы бағалы қағаздардың "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның сауда жүйелерінде айналысқа жіберу және зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға уәкілетті органының рұқсат ету шартымен, - 5%-тен көп емес;

2) осы Қағидалардың 3-тармағымен айқындалған халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына - 20%-тен көп емес;

3) осы Қағидалардың 3-1 тармақтарының шарттарына сәйкес айқындалған

екінші деңгейдегі банктердегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі, сондай-ақ салымдарға (депозиттерге) және осы Қағидалардың 3-1 тармақтарының шарттарына сәйкес депозиттерге келетін екінші деңгейдегі банктер шығарған депозиттік сертификаттарға және/немесе бағалы қағаздары "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның ресми тізіміне "А" санаты бойынша енгізілгендердің - 10%-тен көп емес (осы Қағидалардың 5 және 6-тармағымен белгіленген шектеулермен қоса);

3-1) шетелдік эмитенттердің осы Қағидалардың 3-2-тармағының 1)-3) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік емес бағалы қағаздары және шетелдік мемлекеттердің осы Қағидалардың 3-3-тармағының талаптарына сәйкес келетін бағалы қағаздары - 10%-тен көп емес және шетелдік эмитенттердің осы Қағидалардың 3-2-тармағының 4)-6) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік емес бағалы қағаздары - 10%-тен көп емес ;

3-2) Қазақстан Республикасы ұйымдарының "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигацияларына 10%-тен аспайтын ;

4) ипотекалық облигациялармен қатар, "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның ресми тізіміне "А" санаты бойынша енгізілген, Қазақстан Республикасы ұйымдарының Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарына , сондай-ақ қатысушылары "акционерлері" тек қана Қазақстан Республикасының SPV ("Special Purpose Vehicles"/"Арнайы кәсіпорындар") деп аталатын ұйымдары болып табылатын шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарға - 50 %-тен кем емес (осы Қағидалардың 5-тармағында белгіленген шектеулермен қоса).

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1998.12.14. N 18 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ: 2-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1999.06.11. N 34 қаулысымен .

Ескерту. 2-тармақ 1-1)-тармақшамен толықтырылды - ҚР БҚҰК-ның 1999.06.24. N 36 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ: 2-тармақтың 3) тармақшасы толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1999.08.08. N 38 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ: 2-тармақ 3) тармақшасы өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 12 қаңтардағы N 57 қаулысымен .

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 81 қаулысымен .

Ескерту: 2-тармақ толықтырылды және өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар

жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 107 қаулысымен .

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 5 сәуірдегі N 121 қаулысымен

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 13 мамырдағы N 176 қаулысымен .

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 15 шілдедегі N 176 қаулысымен .

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 24 тамыздағы N 320 қаулысымен .

3. Мына халықаралық қаржы құралдары эмиссияланған бағалы қағаздарды сатып алуға Компания құқылы:

- 1) Халықаралық қайта құру және даму банкі;
- 2) Еуропа қайта құру және даму банкі;
- 3) Америкааралық даму банкі;
- 4) Халықаралық есеп айырысу банкі;
- 5) Азия даму банкі;
- 6) Африка даму банкі;
- 7) Халықаралық қаржы корпорациясы;
- 8) Ислам даму банкі.

3-1. Депозиттік сертификаттарына (ондағы депозиттік сертификаттарға) Компанияның инвестициялық басқаруындағы қордың зейнетақы активтері орналастырылатын екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктерді (өз капиталының ең төменгі мөлшеріне қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін бірінші топтағы банктерді қоспағанда) халықаралық стандарттарға өткізу туралы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бірінші топқа жатқызу керек не оған аталған нормативтік құқықтық актілердің талаптары қолданылмау керек.

ЕСКЕРТУ: 3-1-тармақтармен толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1999.06.11. N 34 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ: 3-1-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1999.08.08. N 38 қаулысымен .

Ескерту: 3-1-тармақ толықтырылды және өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 107 қаулысымен .

3-2. Компания осы Қағидалардың 2-тармағының 3-1) тармақшасында айқындалған шарттарды ескере отырып шетелдік эмитенттердің мынадай мемлекеттік емес бағалы қағаздарын сатып алуға құқылы:

1) "АА"-дан ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "Аа2"-ден ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес рейтинг бағасы бар борыштық бағалы қағаздарды;

2) борыштық бағалы қағаздарының "AA"-дан ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "Aa2"-ден ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес рейтинг бағасы бар эмитенттердің акцияларын;

3) "AA"-дан ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "Aa2"-ден ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес кредиттік рейтинг бағасы эмитенттердің бағалы қағаздарын осы бағалы қағаздарды зейнетақы активтері есебінен сатып алуға уәкілетті органның рұқсат етуі шартымен;

4) "A"-дан ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "A2"-ден ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес рейтинг бағасы бар борыштық бағалы қағаздарды;

5) борыштық бағалы қағаздарының "A"-дан ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "A2"-ден ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес рейтинг бағасы бар эмитенттердің акцияларын;

6) "A"-дан ("Standard & Poor's" және "Fitch IBCA" рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе "A2"-ден ("Moody's Investors Service" рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен емес кредиттік рейтинг бағасы бар эмитенттердің бағалы қағаздарын осы бағалы қағаздарды зейнетақы активтері есебінен сатып алуға уәкілетті органның рұқсат етуі шартымен.

ЕСКЕРТУ: 3-1, 3-2-тармақтармен толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1999.06.11. N 34 қаулысымен

Ескерту. 3-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР БҚҰК-ның 1999.06.24. N 36 қаулысымен

ЕСКЕРТУ: 3-2-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1999.08.08. N 38 қаулысымен

Ескерту: 3-2-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 15 қарашадағы N 91 қаулысымен

Ескерту: 3-2-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 107 қаулысымен

Ескерту: 3-2-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 5 сәуір N 121 қаулысымен

Ескерту: 3-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 13 мамыр N 176 қаулысымен

3-3. Компания шетелдік мемлекеттердің несиелік рейтингтің халықаралық шкаласы бойынша "Aa"-дан ("Standart & Poor's және Fitch" жіктемесі бойынша) немесе "Aa2"-дан ("Moody's" жіктемесі бойынша) төмен емес рейтингтік бағалауы бар бағалы қағаздарын сатып алуға құқылы.

Ескерту: 3-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 107 қаулысымен .

4. Компанияның бастапқы рыноктағы мемлекеттік бағалы қағаздармен (олар орналастырылған кезде) мәмілелері жасасқан келісімдердің негізінде Бастапқы дилерлер - ұйымдар арқылы жасалады не мемлекеттік бағалы қағаздар рыногында Бастапқы дилер міндетін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен жасасқан келісім бар болса Компания дербес түрде өзі жасайды .

Компаниялардың бастапқы рыноктағы мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелерін (олар орналастырылған кезде) Компаниялар дербес түрде өздері жасайды .

Компаниялардың қайталама рыноктағы мемлекеттік бағалы қағаздармен және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелері бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдар арқылы, осы ұйымдармен жасасқан келісімдердің негізінде не Компаниялардың бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногына тікелей рұқсаты бар болса дербес түрде тек қана бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында жасалады.

5. Компанияның бір эмитенттің мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарына инвестициясының мөлшері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) және екінші деңгейдегі бір банктегі депозиттер (екінші деңгейдегі бір банктің депозиттік сертификаттарына) компанияға арналған пруденциялық нормативтермен белгіленген шектеулерге сәйкес болу керек .

Компания "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздарды бастапқы рынокта (оларды орналастыру кезінде) сатып алуға құқылы емес, егер "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ы осы бағалы қағаздармен сауда-саттықты тоқтата тұрған жағдайда.

ЕСКЕРТУ: 5-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1999.06.11. N 34 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ: 5-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1999.08.08. N 38 қаулысымен .

Ескерту: 5-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 107 қаулысымен .

6. Компанияның өз активтері және оның инвестициялық басқаруындағы Қорлардың зейнетақы активтері орналастырылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі немесе екінші деңгейдегі банктегі салым (депозит) (екінші деңгейдегі банктің депозиттік сертификатты) бойынша алынған сыйақының (мүдденің) салымның (депозиттің) мерзіміне ұқсас инвестициялау кезеңіндегі салым (депозит, депозиттік сертификат) бойынша ұлттық немесе шетелдік

валютаға (депозиттің (депозиттік сертификаттың) ставкасының валютасына қатысты) номинацияланған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша жуықтатылған кірістілік ставкасынан төмен болмауы тиіс. Аталған жуықтату кірістілігін уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының ұлттық валютада номинацияланған мемлекеттік бағалы қағаздарына қатысты - зейнетақы және өз активтерін салымға (депозитке, депозиттік сертификатқа) орналастыру алдындағы күннен бір апта бұрын кезеңде;

2) Қазақстан Республикасының шетелдік валютада номинацияланған мемлекеттік бағалы қағаздарына қатысты зейнетақы және өз активтерін салымға (депозитке, депозиттік сертификатқа) орналастыру алдындағы күннен бір ай бұрын кезеңде Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-да өткізілген сауда-саттықтың нәтижесі бойынша қалыптасқан бағалардың негізінде логарифмдік жуықтату әдісімен айқындайды.

Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 81 қаулысымен .

Ескерту: 6-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 107 қаулысымен .

6-1. Қазақстан Республикасының ұлттық және шетелдік валютадағы мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген кірістілік жуықтатуды уәкілетті орган апта сайын аптаның бірінші жұмыс күні алматы уақытымен 18.00. және 21.00 аралығында "кірістіліктің қисық сызығы" түрінде Интернет желісінде "Активтерді бағалау" бөліміндегі ("Кірістілік қисығы" бөлімшесі) www.nsc.kz мекен-жайы бойынша жариялайды және жартады .

Ескерту: 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 81 қаулысымен .

6-2. Компанияның өзактивтерін және Қорлардың оның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерін Ұлттық Банктегі немесе екінші деңгейдегі банктегі салымға (депозитке) (екінші деңгейдегі банктің депозиттік сертификатына) орналастыру мерзімі үш айдан аса алмайды. Осы мерзім аяқталғанға дейін салымның (депозиттің) сомасы және ол бойынша сыйақының сомасы Қордың инвестициялық есепшоттарына есепке алынуы тиіс, ал депозиттік сертификатты Компания өтеуге ұсынуы (осы екінші деңгейдегі банктің депозиттік сертификаттарды шығару, айналысқа жіберу және өтеу шарттарына сәйкес) немесе тиесілі соманы Қордың инвестициялық есепшоттарына есепке ала отырып сатылуы тиіс.

Ескерту: 6-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 81 қаулысымен .

Ескерту: 6-2-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 107 қаулысымен .

Ескерту: 6-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 13 мамыр N 176 қаулысымен .

2-тарау. Шектеулер және тыйым салулар

7. Компания өзінің қызметін жүзеге асыру кезінде оның инвестициялық басқаруына зейнетақы активтері қабылдаған Қорлардың мүддесіне ғана әрекет етуге міндеті .

8. Қолданылып жүрген заңдармен жасауға (орындауға) тыйым салынған өзге де мәмілелер мен әрекеттерден басқа:

1) оның инвестициялық басқаруына қабылданған зейнетақы активтерін кез келген тәсілмен өз мүддесіне және Қордан басқа, өзге тұлғалардың мүдделерінде пайдалануға, оның ішінде бір ұлттық біріздендіру нөміріндегі және бір күндегі бағалы қағаздарды өз активтері есебінен сату (сатып алу) және оның басқаруына қабылданған зейнетақы активтері есебінен сатып алу (сату) туралы инвестициялық шешім қабылдауға;

2) мазмұнында жариялау күніне нақтылыққа сәйкес келмейтін мәліметтер бар өзінің қызметі туралы жарнаманы немесе ақпаратты жариялауға;

3) мазмұнында зейнетақы активтері бойынша жобаланған инвестициялық кіріс туралы мәліметтер бар өзінің қызметі туралы жарнаманы немесе ақпаратты жариялауға ;

4) мазмұнында Компания қызметінің нәтижелерін басқа Компаниялардың ұқсас көрсеткіштерімен салыстыру (барлық Компаниялардың бір кезеңдегі қызметтері нәтижелерінің орташа мәндерін салыстыруды қоспағанда) бар өзінің қызметі туралы жарнаманы немесе ақпаратты жариялауға Компанияға тыйым салынады .

ЕСКЕРТУ: 8-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1999.06.11. N 34 қаулысымен .

9. Осы Қағидалардың 8-тармағының 2) тармақшасымен белгіленген тыйым салулар бұзылған жағдайда уәкілетті орган Компаниядан Компанияның қызметі туралы жарнамаға немесе ақпаратқа өзгерістер енгізуді, жарнаманы тоқтатуды немесе Компанияның қызметі туралы жарнаманың немесе ақпараттың жалғандығы туралы жариялауды талап етуге құқылы. Осындай талап ету уәкілетті орган белгілеген мерзімде орындалмаса уәкілетті орган Компанияның қызметі туралы жарнаманың немесе ақпараттың мазмұнындағы мәліметтердің нақтылыққа сәйкессіздігі туралы хабарды жариялауға құқылы.

10. Компанияға және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне:

1) қызмет көрсетілетін Қорлар және инвестициялық басқаруға қабылданған зейнетақы активтері туралы ақпаратты қызмет көрсетілетін Қорларға қатысты

бәсекелестік мақсатында және әділетсіз кіріс (үшінші тұлғаға белгісіз ақпаратты иелену арқылы кіріс) алу мақсатында пайдалануға;

2) инвестициялық басқаруға қабылданған зейнетақы активтері есебінен жасалған мәмілелер туралы нақты емес ақпаратты таратуға;

3) қызмет көрсетілетін Қорлар және инвестициялық басқаруға қабылданған зейнетақы активтері туралы, осы Қорлардың қызмет және коммерциялық құпияларын құрайтын ақпаратты таратуға;

4) қызмет көрсетілетін Қорлар және инвестициялық басқаруға қабылданған зейнетақы активтері туралы, осы Қорлардың қызмет және коммерциялық құпияларын құрамайтын ақпаратты ашық жарияланғанға дейін таратуға тыйым салынады.

Осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген тыйым салулар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес уәкілетті органның ақпарат беруіне қолданылмайды.

3-тарау. Инвестициялаудың шарттары

11. Қордың кастодиан-банктегі инвестициялық есепшоттарына және осы Қордың кастодиан-банкінің шетелдегі кастодиан-банктердегі корреспонденттік есепшоттарына келіп түсетін зейнетақы активтерін Компания ағымдағы аударымдарды шегере отырып толық көлемде жеті жұмыс күні ішінде инвестициялайды.

Егер Қордың кастодиан-банктегі инвестициялық есепшоттарындағы және осы Қордың кастодиан-банкінің шетелдегі кастодиан-банктердегі корреспонденттік есепшоттарындағы ақша қалдығы уәкілетті орган белгілеген өлшемнен аз болса не егер қаржы құралдары рыногындағы жағдайды негізге ала отырып Компанияның зейнетақы активтерін инвестициялау мерзімін ұзарту туралы дәлелді өтінішін қанағаттандырса, Компания осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген шартты орындамауға құқылы. Өзге жағдайларда, осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген шарт бұзылған әрбір күн үшін Компания Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің үш айлық айналыс мерзімі бар мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерінің бұзушылықтың бірінші күнінің алдында өткен осы бағалы қағаздарды орналастыру жөніндегі соңғы аукционда қалыптасқан кірістілік деңгейін (бір күнге есептелген) негізге ала отырып белгіленген өсімпұл төлейді (орташа алынған орналастыру бағасы бойынша). Аталған өсімпұл Қордың зейнетақы активтерін ұлғайтуға жұмсалады.

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 13 мамыр N 176 қаулысымен.

11-1. Осы Қағидалардың 11-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген өтінішті уәкілетті орган Осы Қағидалардың 11-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес айқындалған мерзім ішінде алу керек. Егер, осы мерзімнің аяқталуына

кемінде екі жұмыс күні қалса, өтініште оның кешіктіріліп ұсынылу себептері
б о л у к е р е к .

*ЕСКЕРТУ: 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі
Ұлттық комиссиясының 1999.06.11. N 34 қаулысымен .*

12. Егер қандайда да болмасын жағдаяттардың нәтижесінде Қордың зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары портфелінің құрылымының осы Қағидалардың 2-ші және 6-тармақтармен белгіленген шарттарға сәйкес келуі тоқтаса, Компания осындай сәйкессіздікті ұлғайтатын инвестициялық қызметті шұғыл түрде тоқтатуға және оны жою жөніндегі қолайлы және қажетті барлық шараларды қабылдауға міндетті.

4-тарау. Компанияның кірісі

13. Қолданылып жүрген заңдармен белгіленген салықтарды, қолданылып жүрген заңдармен белгіленген басқа міндетті төлемдерді төлегеннен кейінгі Компанияның өз активтерін инвестициялаудан түскен кірісі Компанияның қ а р а м а ғ ы н д а қ а л а д ы .

14. *Тармақ алып тасталды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999.05.17. N 32 қаулысымен .*

15. Алынған комиссиялық сыйақылар сомасынан Компанияның зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша шығыстары асып кеткен жағдайда айырма Компанияның өз қаражаттары есебінен жабылады.

Ұлттық комиссиясының Төрағасы